

**2006 жылғы 1 сәуірдегі  
банктік емес ұйымдардың ағымдағы жағдайы**

2006 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша республикада банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын 19 өзге ұйым, оның ішінде қолданыстағы лицензия негізінде 7 ипотекалық компания қызметін жүзеге асырды.

№№	Ұйымдардың атауы	01.01.2006	01.04.2006
1	Ипотекалық компаниялар	7	7
2	Басқа ұйымдар	50	12
	<b>Жиынтығы</b>	<b>57</b>	<b>19</b>

**Активтер.** 2006 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша ипотекалық компания активтерінің жиынтық мөлшері өткен аймен салыстырғанда 5 320 млн. теңгеге немесе 6,7%-ке ұлғайып, 84 482 млн. теңгені құрады. Ипотекалық компаниялардың активтері құрылымындағы үлкен үлесті заңды және жеке тұлғаларға берілген заемдар (87,9%) және корреспондеттік шоттар (4,8%) құрады.

Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың жиынтық активтері өткен есепті күнмен салыстырғанда 16 544 млн. теңгеге немесе 3,2%-ке азайып және 2006 жылғы 1 сәуірдегі 503 634 млн. теңге болды. Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың активтерінің құрылымында үлкен бөлігі заңды және жеке тұлғалардың заемдары 13,9% құрап отыр.

№№	Атауы	(млн. теңге)		
		01.01.2006	01.04.2006	
		Активтер	Активтер	Өсімі (%)
1	Ипотекалық компаниялар	75 346	84 482	12,1
2	Басқа ұйымдар*	520 178	503 634	-3,2

**Кредиттік портфель.** 2006 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша ипотекалық компаниялардың жиынтық кредиттік портфелінің құрылымындағы стандартты кредиттердің үлесі 98,7%, күмәнді – 0,9% және үмітсіз – 0,4% болды. 2006 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша стандартты кредиттердің үлесі 98,5%, күмәнді – 1,3%, үмітсіз – 0,2% болды.

2006 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын өзге ұйымдардың кредиттік портфелінің құрылымында стандартты кредиттердің үлесі 95,1%, күмәнді – 4,5%, үмітсіз – 0,4% болды. Ағымдағы жылдың басында банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың кредиттік портфелі мына жағдайда көрінді: стандартты – 90,1%, күмәнді – 9,6%, үмітсіз – 0,3% болды.

№№	Атауы	(млн. теңге)		
		01.01.2006	01.04.2006	
		Заемдар	Заемдар	Өсімі (%)

1	Ипотекалық компаниялар	68 328	74 712	9,3
2	Басқа ұйымдар*	112 970	84 769	-75,0

Ипотекалық компаниялар бойынша **міндеттемелердің** жиынтық мөлшері 2006 жылғы наурыз айында 4 993 млн. теңгеге немесе 7,6%-ке ұлғайды және 2006 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша 70 747 млн. теңге болды. Бұл ретте, ипотекалық компаниялардың міндеттемелері құрылымында айналысқа шығарылған бағалы қағаздар (80,4%) және басқа банктерден алынған заемдардың (15,7%) басым болғандығын атап өтуге болады.

2006 жылғы 1 сәуірдегі банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын басқа ұйымдардың міндеттемелерінің жиынтық мөлшері жылдың басынан бастап 15 525 млн. теңгеге немесе 8,6%-ке азайып, 165 486 млн. теңге болды.

(млн. теңге)

№№	Атауы	01.01.2006		01.04.2006	
		Міндеттемелер	Міндеттемелер	Өсімі (%)	
1	Ипотекалық компаниялар	62 054	70 747	14,0	
2	Басқа ұйымдар*	181 011	165 486	-8,6	

**Капитал.** Ипотекалық компаниялардың меншікті капиталы өткен аймен салыстырғанда 327 млн. теңгеге немесе 2,4%-ке өсіп, 2006 жылғы 1 сәуірдегі 13 735 млн. теңгені құрады.

2006 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын басқа ұйымдардың меншікті капиталының жиынтық көлемі жылдың басынан бастап 1 020 млн. теңге немесе 0,3%-ке азайып, 338 148 млн теңге болды.

(млн. теңге)

№ №	Атауы	01.01.2006			01.04.2006		
		Меншікті	Оның ішінде		Меншікті	Оның ішінде	
			Жарғылық	Бөлінбеген таза кіріс (өтелмеген шығын)		Жарғылық	Бөлінбеген таза кіріс (өтелмеген шығын)
1	Ипотекалық компаниялар	13 292	10 699	1 558	13 735	10 899	204
2	Басқа ұйымдар*	339 168	218 359	58 687	338 148	225 556	3 836

\* Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар есеп беруді тоқсан сайынғы негізде ұсынады.